



Бекітемін

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

С.Т.Молдраймова

2025 ж.

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің «Студенттік парламент» өзін-өзі басқару ұйымы

Орта кәсіптік білім беру оқу орны – көптеген ішкі және сыртқы байланыстарды біріктіретін күрделі құрылым. Осы құрылымда жастармен жұмысқа қандай орын беріледі, колледж жағдайында тұлғаның қалыптасуына, дамуына қандай мүмкіндіктер жасауға болады? Осыған орай тәрбие жұмысының мақсаты айқындалады, яғни жас ұрпаққа тек тәрбие объектісі ретінде ғана емес, өзіндік ақыл ойы, талап-тілегі, қажеттілігі бар субъект ретінде қарап, оның табиғи мүмкіндіктерін дамыту, бағалау, сенім, үлгі көрсету, талап ету арқылы жауапкершілігін жетілдіру, ынтымақтастық педагогикасын қолдана отырып коммуникативті, толерантты жеке тұлғаны қалыптастыруға жол ашу.

Осыған орай мемлекетіміздің жастар саясатын негізге ала отырып құрылған Студенттердің өзін-өзі басқару құрылымы – Студенттер Парламенті колледж жастарының жоғарғы органы болып табылады.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Қызылорда медициналық жоғары колледжінде Студенттік Парламент ұйымы 2021 жылдың ақпан айында құрылған болатын. Қазіргі кезде Студенттік Парламенттің құрамында 80 студент жұмыс жасайды. Әр фракцияның құрамында 7 студенттен бар.

1. Студенттік Парламенттің колледж бойынша жетекшісі: Бериков Елжан Берикович
2. Парламент Президенті болып «Мейіргер ісі» бөлімі, 2 курс студенті Камал Арманда тағайындалды.
3. 8 фракцияға депутаттар сайланды және оның көшбасшылары тағайындалды.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. «Ақпарат» фракциясы
2. «Құқық және тәртіп фракция»
3. «Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы»
4. «Мәдениет және өнер фракциясы» (музыкалық, көркемшығармашылық)
5. «Дебат қозғалысының фракциясы»
6. «Экология және еңбек фракциясы» жетекшісі
7. «Спорт және салауатты өмір салты фракциясы»
8. «Қамқорлық фракциясы» (еріктілік) фракциясы

Қоғамымыздың алға басуы жастарды білім мен тәрбие арқылы дамытуға, жанаша ойлауға, бәсекелестік жағдайында іскерлікке үйретуге байланысты болғандықтан колледж студенттерінің өзін-өзі басқару мәселесіне ерекше көңіл аударуы қажет. Қызылорда медициналық жоғары колледжінде Жастар ісі жөніндегі комитеті жұмысының белсенділігімен жастарға арналған қоғамдық ұйымдар, студенттердің өзін-өзі басқару құрылымы – Студенттер Парламенті оқу, ойын – сауық, ғылым, тәрбие бағыттарында студенттермен іс-шаралар өткізеді.

Бұл жұмыстар, негізінен, мынадай бағыттарда жүргізіледі:

белгілі бір орталағы тәрбиенің негізін, бастапқы басым бағытын сезе отырып, қоғамдағы белгілі бір мәртебесін бекітуді;

– кәсіптік орта білім беру оқу орнының білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығын;

– жастар тәрбиесінің жоғары деңгейін;

– салауатты өмір салтын қалыпты жағдай ретінде бекітуді;

– жоғары дәрежедегі рухани және өнегелі қоғам құруды;


– Студенттер парламентінің жалпы нұсқасын ұсынуды.

Студенттер Парламенті – оқу орнындағы басталған жұмыстарды жетілдіру бойынша ұсыныстар және жаңа идеяларды жүзеге асыратын, олармен жүргізілетін саясаттың, Жастар ісі жөніндегі комитеттің көмегімен тағайындалатын негізгі атқарушы ұйым. Студенттердің қазіргі жағдайдағы негізгі міндеттері студенттердің өзін-өзі басқару жүйесін алып жүру.

Бүгінгі таңда студенттің өзін-өзі басқаруы колледж студенттерінің атынан үлкен қолдауға ие болуда. Студенттік өзін-өзі басқару құрылымы мүшелері сайланды, оның ішінде Студенттік парламент

Президенті, фракция басшылары, студенттер кеңесі студент жастармен оқу, ғылыми-зерттеу және мәдени сфераларында жұмыстарды ұйымдастырып, өткізуді басты мақсат етіп қояды.

Басқару ұғымының мәнін ашып түсіндіру үшін оны келесі соған туыс ұғым – өзін-өзі басқарумен салыстыру керек. Студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі колледждің оқу-тәрбие және қоғамдық өмірінде маңызы үлкен. Студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі бөлімдердің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда, бақылауда анағұрлым белсенді және бастамашыл болып келеді. Бұл жағдайда ол қоғамның немесе ұжымның өзінің өкілеттілігіне сүйенеді. Әдетте студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің құрамы ең алдымен басқарушылықпен емес, кәсіби білім алу іс-әрекетімен айналысады.

Студенттік парламент жетекшісі:  Е.Б.Бериков




Бекітемін
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
С.Т.Молдраймоваға
_____ 2025 ж.

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің
«Студенттік Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының 2025-2026 оқу жылына
арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шара атауы	Өткізілген түрі	Ұйымдастырушы	Мерзімі
1	«Студенттік парламент» жұмыс жоспарын бекіту Парламенттің 8 фракциясының жұмыс жоспарын бекіту	2025-2026 оқу жылына жоспар бекіту	Тәрбие бөлімінің меңгерушісі: С.Т.Молдраймова Парламент	01.09.2025

		жетекшісі: Бериков.Е	
	«Үстаз болу жүректің батырлығы» Үстаздар күніне арналған мерекелік іс-шара	Мерекелік іс- шара	Парламент мүшелері Мәдениет және өнер фракциясы
	«Елдікке бастаған ұлттық мереке» 25 – қазан Республика күніне арналған колледжішілік іс-шара	Мерекелік іс- шара	Парламент мүшелері
	«Бала құқығы» тақырыбында дебат турнирі	Дебат Колледж заңгерінің қатысуымен	Парламент мүшелері
	«Қарттарым-асыл қазынам» қарттар үйіндегі іс-шара	Іс-шара	Парламент мүшелері
	«Қызықты көңіл, студенттік өмір» Мерекелік іс-шара	Мерекелік іс- шара	Парламент мүшелері
7	«Жастар- ел болашағы» атты дебат	Пікірталас	Парламент мүшелері
8	Білімді ұрпақ ертеңгі ер тірегі	Дөңгелек үстел	Парламент мүшелері
9	«Тұғыры биік-Тәуелсіздік»	Сурет байқауы	Парламент мүшелері Мәдениет және өнер фракциясы
10	«Жемқорлық–індет, аластау-міндет»	Дөңгелек үстел	Парламент мүшелері Құқық фракциясы
11	Кел Жаңа жыл! Жаңа жылды қарсы алу кеші	Мерекелік кеш	Парламент мүшелері Колледж студенттері
12	«Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі»	Дөңгелек үстел	Парламент мүшелері Дебат қозғалыс фракциясы
13	Өз құқықтарың мен міндеттеріңді білесің бе?	Дөңгелек үстел	Парламент мүшелері Құқық фракциясы
14	Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына 200 жыл	Дөңгелек үстел	Парламент мүшелері
15	«Салауатты өмір салты және дұрыс тамақтану» колледж медбикесімен кездесу ұйымдастыру	Кездесу	Парламент мүшелері
16	Ана – гүл, Ана – өмір шуағы	Мерекелік кеш	Парламент мүшелері
17	«Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет» дөңгелек үстел	Дөңгелек үстел	Парламент мүшелері
18	Қош келдің әз Наурыз!	Мерекелік іс шара	Парламент мүшелері
19	Колледж бөлімдері арасында колледжішілік спорттық сайыстардан спартакиада	сайыс	Парламент мүшелері, колледж студенттері
20	Бейбітшілік – ел тірегі	Мерекелік іс- шара	Парламент мүшелері
21	Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышым	Дөңгелек үстел	Парламент мүшелері

Парламент жетекшісі:  Е.Б.Бериков